

М.Әуезоватындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
«Спорт және туризм» факультеті

ХАТТАМА

№ 7

05.02.2026 ж.

ПРОТОКОЛ

№ 7

05.02.2026 г.

«Спорттық пәндер және жекпе жектер» кафедрасы

**Қатысқандар:** Топ тәлімгерлері және кафедраға қарасты топ студенттері.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. «Дене тәрбиесі пәнін оқытудың жоғарғы оқу орнында алатын орны» тақырыбында білім алушыларға дене тәрбиесі пәнін жоғары оқу орнында оқытудың мақсаты - шымыр да шыныққан жасөспірімдерді жеке тұлға ретінде қалыптастыру, дене белсенділігі мен зиянды әдеттерден аулақ болу дағдыларын қалыптастыру.


**ТЫҢДАЛДЫ:**

1. Алғашқы боп сөз кезегін кафедра меңгерушісінің м.у.а. Б.Н. Жанбыров алды: Адамгершілікке тәрбиелеудегі дене тәрбиесі пәнінің орны. Дене тәрбиесі пәнінің оқу урдісі алғашқы қимыл-жаттығуды үйренген сәттен-ақ басталады. Еңбектің адам мүшелерін дамытуға ықпалын, оқушыларға дене тәрбиесінің жеке адамды қалыптастырудағы орасан зор мүмкіндігін оқу барысындағы теориялық қисындарға сүйене отырып түсіндіру керек. Педагогика мен психология ілімдерінің мамандары адамгершілік қасиеттің негізі - адам санасы мен сезімінің және оның мінез-құлқының үйлесімінде жатқандығын дәлелдейді. Дене шынықтыру сабағы адам бойындағы ізгілік сипаттарының қарама-қайшылығы мен айырмашылықтарын жойып, түрлі танымдық қиындықтарды дене тәрбиесі арқылы жеңе білуге үйретеді. Адамның мінез-құлқы мен сана-сезімін жан-жақты жетілдіру - дене тәрбиесі пәнінің басты мақсаты.
2. Жоғарыда айтылғандай дене тәрбиесін ЖОО-да насихаттау мақсатында, біз, өз тарапымыздан университетімізден спорттан бірнеше түрінен құрама командалар дайындап, оларды спартакиада, универсиада, ҚР Чемпионаты секілді жарыстарға апарамыз. Кафедрамыздың студенттері жарыстарға белсенді қатысып, жақсы нәтиже көрсетуде.


**ТЫҢДАЛДЫ:** Аға оқытушы Саттаров Б.К. : Дене тәрбиесі сабағындағы оқу-жаттығуларда ойыншылардың өзара қарым-қатынасына, қимыл-қозғалысына шек қойылмайды. Олар жаттығу кезінде емін-еркін қозғалады, біріне-бірі көмектеседі, кеңес береді. Міне, мұндай жеңілдіктерді ұстаздың дұрыс пайдалана білгені жөн. Мұнда, әсіресе, ережені, спорттық әдеп-нормаларды сақтаудың, қарсыласын сыйлай білуді талап ететін жарыстардың ықпалы ерекше. Оқу-жаттығу барысында осындай әдіс-тәсілдерді орынды пайдалану нақты тәрбиелік тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге оқушылардың мінез-құлқының адамгершілік сипатта қалыптасуына мүмкіндік береді.

**ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:** Топ студенттеріне дене тәрбиесі сабағының мазмұны әр түрлі жарыстар мен жеке бәсекеден тұратынды. Білім алушыларды осы бағытта тәрбиелеу дене тәрбиесі мұғалімінің басты міндеті болып есептеледі. Ұжымдық сезім мәдениетін тәрбиелеу арқылы жеке тұлғаның сезімдік-адамгершілік мәдениетінің өсуіне де ықпал етеміз.

«Спорттық пәндер және жекпе жектер»  
кафедрасының меңгерушісінің м.у.а.

 Б.Н. Жанбыров

Хатшы

 А.Жылкелді